

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ АРҚАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



КЕЛІСІЛДІ:

«Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімі» ММ

Басшысы: Маметеков Е.Ж.

« 20 » 02 2023 ж.



БЕКІТІЛДІ

Басқарма Төрағасы - Ректор

Е.Әмірбекұлы

Ғылыми кеңес шешімі

« 23 » 02 2023 ж.

№ 11 хаттама



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ / ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА
6B01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу / Дошкольное обучение и воспитание

Қабылдау жылы / Год приема: 2023

Арқалық, 2023 ж.

Педагогика және филология факультеті

«6B01201 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы

ББ түрі: қолданыстағы

Құрастырғандар:

Темирханова К.Ш. - мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасының жетекшісі, аға оқытушы, магистр

Омарова Д.К. - мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, магистр

Муханбетжанова А.А. - мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, магистр

Сарапшылар:

Базарова М.Т. «Ақбота» балабақшасының тәрбиешісі, эксперт-зерттеуші

Білім беру бағдарламасы мәжілісінің отырысында ұсынылды

Хаттама 3 « 09 » 01 20 23 ж.

Білім беру бағдарламасының жетекшісі



Жандилдина Р.Е.

Факультет кеңесінің мәжілісінде мақұлданды

Хаттама 6 « 11 » 01 20 23 ж.

Факультет кеңесінің төрағасы



Калиев А.К.

Институттың академиялық кеңесінде қаралды

Хаттама 5 « 15 » 02 20 23 ж.

Академиялық кеңес төрайымы



Антаева А.С.

І ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Бағдарлама циклы: Бірінші цикл: бакалавриат, ҰБШ/СБШ 6 деңгейі

Тағайындалатын дәреже: Білім бакалавры

Несиелердің жалпы көлемі: 240 академиялық несие/240 ECTS

Оқу мерзімі: күндізгі оқу түрі – 4 жыл орта білім негізінде, 3 жыл ТжКБ негізінде; қысқартылған оқу түрі – 3 жыл ТжКБ негізінде, 2 жыл жоғары білім негізінде.

1.1 Жалпы ережелер

6B01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бойынша білім беру бағдарламасы жоғары білім МЖМБС, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына, Ұлттық біліктілік шеңберіне, Салалық біліктілік шеңберіне, «Педагог» кәсіби стандартына, Дублин дескрипторларына сәйкес әзірленген.

Білім алушыларды білім бағдарламасына қабылдаудың талаптары Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларымен анықталған.

Білім беру бағдарламасына түсетін үміткерлер Бірыңғай ұлттық тестілеуден (ҰБТ) өтеді.

Білім беру бағдарламасына түскен соң студент қосымша траектория таңдау мүмкіндігіне ие болады.

Білімін 7M012 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыты бойынша магистратурада одан әрі жалғастыру мүмкіндігі бар.

1.2 Білім беру бағдарламасының мақсаты:

6B01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасының мақсаты: мектепке дейінгі білім беру ұйымының болашақ тәрбиешісін сапалы кәсіби даярлауды қамтамасыз ету.

1.3 Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- қоғамның әлеуметтік тапсырысы мен білім берудің әлемдік стандарттарына сәйкес болашақ мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің тәрбиешілерін сапалы кәсіби даярлауды қамтамасыз ету;

-әлеуметтік-мәдени, тілдік (коммуникативтік), жаратылыстану-математикалық, кәсіби, білім беру бағдарламасының іргелі негіздері және оқыту технологиялары саласында болашақ тәрбиешілерде құзыреттілікті қалыптастыру;

- дене, рухани және интеллектуалды қабілеттерін дамыту, өзін-өзі жетілдіру тәсілдерін меңгерте отырып, мінез-құлық мәдениетін жетілдіру.

2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БАКАЛАВРЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

2.1 Кәсіби қызмет саласы

6B01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсібилік қызметін мектепке дейінгі білім беру саласында жүзеге асырады.

2.2 Кәсіби қызмет объектілері

6B01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім бакалаврының кәсіби қызметінің объектісі меншіктік бағыныштылық түрлеріне тәуелсіз мектепке дейінгі білім берудің барлық түрлері мен типін ұйымдастырудағы педагогикалық үдеріс болып табылады.

2.3 Кәсібилік қызметтің функциясы

ҰБШ/СБШ 6.1 деңгейшесі мен «Педагог» кәсіби стандартына сәйкес 6B01201 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың кәсіби қызметінің функциялары:

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- зерттеушілік;
- әдістемелік;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

3 КҮТІЛЕТІН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелері

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» ББ -ын сәтті аяқтағаннан кейін түлек:

ОН1 – мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің ғылыми-теориялық негіздерін, академиялық адалдық принциптері мен мәдениетін кәсіби салада қолданады;

ОН2 - "Физикалық", "Коммуникативтік", "Танымдық және зияткерлік", "Шығармашылық және зерттеу іс-әрекетін дамыту", "Әлеуметтік эмоционалды" дағдыларын дамыту бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарлайды, теориялық және әдістемелік пәндерден игерген білімі мен кәсіби дағдыларын тәжірибеде пайдаланады;

ОН3 – инновациялық оқыту әдістерін меңгерген, инклюзивті білім беруде және диагностикалауда кәсіби шеберлік көрсетеді;

ОН4 - мақсатты тілдерде сөйлеуге бейімделген және ұлы ағартушылардың педагогикалық еңбектерінің теориялық негіздерін оқу үдерісінде қолданады;

ОН5 – білім беру жүйесінің даму тенденцияларын біледі, Қазақстан Республикасының білім саласындағы нормативтік құжаттармен жұмыс жасайды, кәсіпкерлік тұрғыда теориялық білімді игерген және өз кәсібiне тиімді пайдаланады;

ОН6 – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, сандық білім беру ресурстарын белсенді қолданады;

ОН7 – тәрбиеленушілердің физиологиялық жас ерекшеліктерін ескеріп, қарым-қатынаста психология мен педагогиканың теориялық негіздерін қолданып, оқу-тәрбие жұмысын жоспарлайды;

ОН8 – қазіргі әлемдегі экологияның маңызын айқындайды, қоршаған ортаны қорғаудың негізгі принциптерін сақтайды және жас ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі ойындарды қолданып, мектепке дейінгі балалардың мәдени дағдыларын қалыптастыру тәсілдерін зерделейді;

ОН9 - педагогикалық өзара қарым-қатынасты ұйымдастырудың ұстанымдары мен әдістемелері негізінде балалар мен педагогикалық ұжымда ата-аналармен ізгілік қарым-қатынас құрады.

4 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ
4.1 Білім беру бағдарламасы модульдерінің сипаттамасы

| Модуль атауы | Несне саны | Құрамдас модульдердің атауы (пән, тәжірибе) | Оқу нәтижелері |
|---|------------|--|------------------|
| 1.Қоғамдық пәндер модулі | 56 | Қазақстанның қазіргі заман тарихы | |
| | | Философия | |
| | | Қазақ (орыс) тілі | ОН4 |
| | | Шет тілі | ОН4 |
| | | Әлеуметтік-саяси білімдер модулі | |
| | | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | |
| | | Дене шынықтыру | |
| | | Экологиялық мәдениет | ОН8 |
| | | Адал азамат құндылықтары | ОН 1 |
| | | Кәсіпкерлік негіздері | ОН 5 |
| 2. Педагогтың кәсіби даярлығы модулі | 26 | Педагогикалық кәсіпке кіріспе | ОН 1 |
| | | Мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиясы | ОН 7 |
| | | Педагогика | ОН 1, ОН 5, ОН 9 |
| | | Педагогикалық психология | ОН 7,ОН8 |
| | | Ұлы даланың педагогикалық мұралары | ОН4 |
| | | Білім берудегі менеджмент | ОН 5,ОН9 |
| | | Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі | ОН 5,ОН7, ОН 9 |
| | | Оқу-танысу тәжірибесі | ОН 1 |
| | | Психологиялық-педагогикалық тәжірибе | ОН 1, ОН 7, ОН 9 |
| 3. Фундаментальды даярлық модулі | 50 | Балалар психологиясы | ОН7 |
| | | Мектеп жасына дейінгі балалардың мәдени дағдыларын қалыптастыру әдістемесі | ОН8 |
| | | Мектепке дейінгі педагогика | ОН 1, ОН 5, ОН 9 |
| | | Мектепке дейінгі педагогика тарихы | ОН 4,ОН5 |
| | | Мектепке дейінгі білім беру менеджменті | ОН 5,ОН9 |
| | | Жаратылыстану негіздері | ОН 2, ОН 8 |
| | | Ойын технологиясы | ОН 8 |
| | | Мектепке дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін | ОН 2, ОН 3, ОН 6 |

| | | | |
|--|------|---|------------------|
| | | қалыптастыру әдістемесі | |
| | | Қызықты математика | ОН2, ОН3, ОН6 |
| | | Мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-таным әрекетін ұйымдастыру | ОН 2, ОН 3, ОН 6 |
| | | Мектепке дейінгі тәрбие жұмысын ұйымдастыру және басқару | ОН 2, ОН 3, ОН 6 |
| | | Оқу тәжірибе (сәби шақ тобындағы) | ОН 1,ОН7 |
| 4. Педагогикалық шеберлікті қалыптастыру модулі | 42 | Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру | ОН 3 |
| | | Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі | ОН2, ОН3, ОН6 |
| | | Заманауи білім беру технологиялары | ОН 3, ОН6 |
| | | Педагогикалық шеберлік | ОН7, ОН9 |
| | | Мектепке дейінгі білім берудегі цифрлық технологиялар | ОН 6 |
| | | Педагогикалық тәжірибе | ОН2, ОН 3, ОН6 |
| | | Өндірістік тәжірибе | ОН2, ОН3, ОН 6 |
| 5. Әдістемелік даярлық модулі | 45 | Қоршаған ортамен таныстыру әдістемесі | ОН 2, ОН 8 |
| | | Экологиялық тәрбие беру әдістемесі | ОН 2, ОН 8 |
| | | Сауат ашу әдістемесі | ОН 2,ОН 4 |
| | | Қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі | ОН 2,ОН 4 |
| | | Көркем әдебиетті оқыту әдістемесі | ОН 2,ОН 4 |
| | | Балалар әдебиеті | ОН 2,ОН 4 |
| | | Ерте жас педагогикасы | ОН3, ОН7 |
| | | Пренатальды педагогика | ОН3, ОН7 |
| | | Балалардың шығармашылық іс-әрекетін дамыту әдістемесі | ОН 2, ОН 3,ОН 6 |
| | | Балаларды бейнелеу шығармашылығына үйрету әдістемесі | ОН 2, ОН 3,ОН 6 |
| | | Мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшаға бейімдеу әдістемесі | ОН 7,ОН 9 |
| | | Баланы мектепке бейімдеу әдістемесі | ОН 7,ОН 9 |
| | | Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі | ОН 2, ОН7 |
| | | Мектеп жасына дейінгі балаларды дене жаттығуларына үйрету әдістемесі | ОН 2, ОН7 |
| | | Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық-дамытушы органы ұйымдастыру әдістемесі | ОН 3 |
| Мектепке дейінгі ерте жаста пәндік-дамытушы орта құру әдістемесі | ОН 3 | | |
| Балабақша мен отбасы арасындағы өзара әрекеттестіктің инновациялық формалары | ОН 9 | | |
| Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру | ОН9 | | |

| | | | |
|---|-----------|--|----------------|
| 6. Ғылыми дағдыларды қалыптастыру модулі | 13 | Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру әдістемесі | ОН 1, ОН8 |
| | | Балабақшадағы STEAM технологиясы | ОН 1, ОН6, ОН8 |
| | | Мектеп жасына дейінгі балаларды эксперименттік жұмысқа баулу әдістемесі | ОН 1, ОН6, ОН8 |
| | | Дипломалды тәжірибе | ОН2, ОН7, ОН 9 |
| 7.Қорытынды мемлекеттік аттестаттау модулі | 8 | Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру | ОН2, ОН7, ОН 9 |

**4.2 Білім беру бағдарламасы элективті пәндер каталогы
 («Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» НҚТББ)**

| № | Пән атаулары | Пәннің қысқаша мазмұны (30-50 сөз) | Кредит саны | Семестр | Пререквизиты | Постреквизиты |
|---|--------------------------|---|-------------|---------|----------------------------------|---------------------------------------|
| Жалпы білім беру пәндер циклі ЖОО компоненті | | | | | | |
| 1 | Экологиялық мәдениет | Экологиялық мәдениет курсы экологиялық сауаттылық және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес салауатты, қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету үшін экологиялық мәдениеттілікті дамыту жолдарын және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін үйренуге бағытталған. Студенттер қоршаған ортаның өзара әрекеттесуін сыни тұрғыдан бағалайды, төтенше жағдайларда қорғанудың әдіс тәсілдерін меңгереді, экологиялық мәдениет дамыту үдерісін белсенді ұйымдастырады. | 5 | 4 | Әлеуметтік-саяси білімдер модулі | Қоршаған ортамен таныстыру әдістемесі |
| | Адал азамат құндылықтары | Студенттердің бойында жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтар аясында адалдық құндылықтарын қалыптастырады. Адалдықтың құндылығы мен азаматтық ұстанымды жүйелі білім арқылы меңгереді. Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбие-леу контекстінде адал ұрпақты мектеп ортасында қалыптастыру мәселелерін тарихи және қазіргі контексте қарастырады. Білім алушылардың моралдық-этикалық принциптері мен ішкі тұлғалық мәдениетін нығайту негіздерінің әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, мәдени, адамгершілік-этикалық аспектілері талданады. «Адалдық» түсінігінің теориялық-әдістемелік негіздерін, «адалдық–ардың ісі» мінез- | | | - | Педагогика Педагогикалық шеберлік |

| | | | | | | |
|---|--|---|---|---|-------------------------------|--|
| | | құлықтарының психологиялық ерекшеліктері мен құқықтық жауапкершілікті тәжірибеде қолданады | | | | |
| | Кәсіпкерлік негіздері | "Кәсіпкерлік негіздері" курсы студенттерге кәсіпкерлік қызметті басқару саласындағы теориялық дайындықтың негіздеріне кең шолуды ұсынады. Студенттер кәсіпкерлік тетіктерін талдайды, кәсіби қызметте ұтымды шешімдер қабылдау механизмін сыни бағалайды. Кәсіпкерлік саласындағы жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау әдістерін талдайды. Студенттер осы проблемалық мәселеде жаңа әдіснамалық тәсілдерді қайта қарастырады., кәсіпкерлік объектілері мен субъектілерін жіктейді. Кәсіпкерлікті жоспарлау, қаржыландыру, талдау және бағалау саласында дағдыларды меңгереді. | | | Педагогикалық кәсіпке кіріспе | Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі |
| | Базалық пәндер циклі ЖОО компоненті | | | | | |
| 1 | Педагогикалық кәсіпке кіріспе | Бұл курс білім алушыға адамзат тарихында педагогикалық кәсіптің пайда болуы мен қалыптасуы жайлы мағлұмат алуына, педагог мамандығының гуманистік сипатын ұғынуға, қоғамдағы маңызы мен кәсіби қасиеттері жайлы білімді игеруіне мүмкіндік береді. Аталған курстан білім алушылар тәрбиешінің қарым-қатынас жасау мәдениетін, өз білімін жетілдіру, шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыра білу дағдыларын меңгереді. | 3 | 1 | - | Педагогика Педагогикалық шеберлік |
| 2 | Педагогика | Бұл курс педагогикаға ғылым ретінде шолу, оның диалектикалық, қарама-қайшылықты және әдіснамалық ерекшелігін ұсынады. Студенттер дүниетанымды, әлеуметтік және жеке маңызды педагогикалық мәселелерді талдайды, тұтас педагогикалық процестің заңдылықтары мен принциптері туралы сыни тұрғыдан ойластырады. | 5 | 3 | Педагогикалық кәсіпке кіріспе | Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі Педагогикалық шеберлік |

| | | | | | | |
|---|------------------------------------|---|---|---|---|--|
| | | Білім беруді цифрландыру жағдайында педагогика, киберпедагогика, киберкеңістік және кибер әлеуметтендірудегі киберонтологиялық тәсілге ерекше назар аударылатын болады. | | | | |
| 3 | Педагогикалық психология | «Педагогикалық психологиясы» курсы педагогикалық процесс және оқыту тұжырымдамаларына, білім беру психологиясының негізгі бағыттарына, түсініктері мен категорияларына шолу ұсынады. Студенттер оқу іс-әрекетінің құрылымын сыни тұрғыдан бағалауға және талдауға, педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық заңдылықтары мен оқу-тәрбие процесінің әр түрлі кезеңдеріндегі педагогикалық әсерге шағылыстыруды үйренеді. | 3 | 3 | Мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиясы негіздері Балалар психологиясы | Педагогикалық - психологиялық тәжірибе |
| 4 | Ұлы даланың педагогикалық мұралары | Курста Ұлы даланың ұлы ағартушылары мен ғалымдарының педагогикалық мұраларына шолу жасалады. Оқу барысында студенттер Ұлы Дала ғалымдарының өмірі мен шығармашылығына талдау жасайды: әл-Фараби, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, І.Алтынсарин және басқалар Курс студенттерге Қазақстандағы педагогика ғылымының пайда болуы мен дамуы мәселесінде ұлы ғалымдардың еңбектерінің маңыздылығын қайта қарастыруға мүмкіндік береді. | 4 | 4 | Педагогика Мектепке дейінгі педагогика | Балалар әдебиеті |
| | Білім берудегі менеджмент | Білім жүйесіндегі менеджменттің ғылыми негізін студенттерде қалыптастыру, басқару жүйесі түрлерін игерген теориялық білімін нақты тәжірибелік дағдылармен іске асыра білу; игерген теориялық және тәжірибелік білімдерінің негізінде білім беруді басқаруды дамытады, басқару жайлы білімді өздігінен жаңартады, басқарудың тәжірибелік ғылыми негізі шығармашылық тұрғыда болуы керектігін түсінеді. | | | Педагогика Мектепке дейінгі педагогика | Балалар әдебиеті |

| | | | | | | |
|---|--|--|---|---|---|---|
| 5 | Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі | Білім алушы тәрбиенің мәнін, оның тұтас педагогикалық үрдістегі орнын жоспарлай алуды; отандық және шетелдік педагогиканың тәрбие теорияларын талдай білуді; тұтастай педагогикалық үрдістегі тәрбиенің заңдылықтарын, ұстанымдары мен әдістерін, тәрбие құралдарын ұтымды қолдана алуды; мектеп жасына дейінгі балалармен, олардың ата-аналарымен қарым-қатынас жасау формалары мен әдістемесін жүзеге асыруды меңгереді. | 4 | 5 | Педагогика Мектепке дейінгі педагогика | Педагогикалық шеберлік |
| 6 | Мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиясы | Бұл курста студенттер балалардың дамуы мен өсуінің жалпы заңдылықтарын сипаттай алуды; жүйке жүйесінің физиологиялық ерекшеліктерін ғылыми-теориялық тұрғыда ажырата алуды; мектепке дейінгі балалардың даму деңгейлерінің көрсеткіштерін бағалай білуді; балалардың қабілеттерін дамытудың тиімді тәсілдерін шығармашылықпен қолдана білуді меңгереді. | 3 | 2 | Балалар психологиясы | Мектепке дейінгі педагогика Логопедия негіздері |
| 7 | Оқу-танысу тәжірибесі | Студент мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби қызметімен танысады. Мектепке дейінгі ұйымның құжаттарымен, нормативтік актілерімен және мекеменің қызмет регламент белгілейтін нұсқауларымен, меңгерушінің кәсіби қызметімен танысып, тәрбиеші жүргізетін іс-құжаттардың мазмұнын талдайды. Балабақшаның, әр түрлі жас топтарының күн тәртібінің ұйымдастырылуына бақылау жасайды. | 2 | 2 | Педагогикалық кәсіпке кіріспе | Мектепке дейінгі педагогика Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі |
| 8 | Педагогикалық-психологиялық тәжірибе | Білім алушы мектепке дейінгі балалардың жеке тұлғалық психологиялық-педагогикалық диагностикалау әдіс-тәсілдерін игереді. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің кәсіби психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне бақылау жасайды. Тәрбиешінің іс-әрекетін бақылап, күнделікті талдау жүргізеді. Әрбір режимдік сәтті тиімді пайдалануды жоспарлайды. Топта қызықты | 2 | 4 | Педагогикалық кәсіпке кіріспе Педагогика | Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі Мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшаға бейімдеу әдістемесі |

| | | | | | | |
|----|--|---|---|---|---|---|
| | | сәттерді ұйымдастыру жұмыстарын атқара алу дағдысын меңгереді. | | | | |
| 9 | Балалар психологиясы | Бұл курстан білім алушы балалардың дамуы мен өсуінің жалпы заңдылықтарын сипаттай біледі; балалар психикасының онтогенездік даму ерекшеліктерін анықтай алады; туғаннан 6 жасқа дейінгі баланың даму заңдылықтарын меңгеріп, мемлекеттік стандарт талаптарына сай жұмыс жасау формаларын жүзеге асыруды меңгереді. | 6 | 1 | - | Мектеп жасына дейінгі балалардың мәдени дағдыларын қалыптастыру әдістемесі Мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиясы |
| 10 | Мектеп жасына дейінгі балалардың мәдени дағдыларын қалыптастыру әдістемесі | Бұл курста білім алушы курстың теориялық және практикалық маңыздылығын, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру әдістері мен тәсілдерін меңгереді, мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу қабілетін меңгереді. Білім алушы: мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы мен өсуінің жалпы заңдылықтарын талдай білу; салауатты өмір салтына тәрбиелеу; мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастырады. | 5 | 2 | Балалар психологиясы | Мектепке дейінгі педагогика |
| 11 | Мектепке дейінгі педагогика | Білім алушылар мектепке дейінгі педагогика пәнінің мақсаты-міндеттері, әдістері, басқа ғылымдармен байланысын ажырата біледі; мектепке дейінгі оқыту білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды қамтамасыз ететін құжаттарды талдауды; балаларды жасерекшеліктеріне қарай тәрбие түрлерін ажырата алады, отбасы тәрбиесі және мектепке дейінгі ұйым мен мектеп арасындағы сабақтастық бағыттарын жүзеге асыру тәсілдерін сараптауға дағдыланады. | 5 | 3 | Балалар психологиясы Мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиясы | Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі |
| 12 | Жаратылыстану негіздері | Бұл курстан мектепке дейінгі балалардың ғылыми дүниетанымының алғышарттарын қалыптастыруда тиімді тәсілдерді пайдалануды; үй және жабайы жануарлар, жәндіктер, бауырмен жорғалаушылар санатының өкілдерімен олардың сыртқы түрімен | 6 | 4 | | Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері |

| | | | | | | |
|----|---|--|---|---|---|--|
| | | және қозғалу әдістерімен таныстырып, балалардың қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастырып және табиғат бұрышындағы жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға баулудың тиімді әдістерін меңгереді. | | | | |
| 13 | Ойын технологиясы | Курста мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті – ойынның мәні ұғындырылады. Балалар ойынының түрлерін, психо-педагогикалық ерекшелігін, педагогикалық мәніне сай жіктеуді пайымдайды. Ойын теориясы негізінде мектепке дейінгі балалардың іс-әрекетін ұйымдастыра алады, жас ерекшеліктеріне сәйкес ойын түрлерін қолдануды меңгереді. | 5 | 4 | Мектепке дейінгі педагогика | Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі |
| 14 | Мектепке дейінгі педагогика тарихы | Аталған курс мектепке дейінгі педагогика ғылымының қалыптасу тарихы мен алғашқы қоғамдағы тәрбиенің ерекшеліктерін сараптауға; өткен ғасырлардағы мектепке дейінгі тәрбие теориясының қалыптасуы мен дамуына сыни көзқарас таныта алады меңгереді. Шет елдердегі балабақша тәжірибелерінің ерекшеліктерін талдауға және тәрбиені мамандығының тарихы мен Қазақстандағы балабақшалардың даму тарихын ұғынуға мүмкіндік береді. | 5 | 3 | Педагогика Мектепке дейінгі педагогика | Педагогикалық шеберлік |
| 15 | Мектепке дейінгі білім беру менеджменті | Бұл курста мектепке дейінгі ұйымды басқарудың ғылыми Бұл курста мектепке дейінгі ұйымды басқарудың ғылыми негіздерін меңгеріп, білім беру жүйесінің даму тенденцияларын, білім саласындағы нормативтік құқықтық актілердің мазмұнын талдай жасауға; мектепке дейінгі ұйымында іс-қағаздар жүргізудің тәсілдерін саралай алуға; кәсіби даму міндеттерін жоспарлап, мектепке дейінгі мекеме жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асыру жолдарын меңгереді. | 5 | 8 | Педагогика Мектепке дейінгі педагогика | ҚА |
| 16 | Ғылыми-зерттеу жұмысын | Білім алушы ғылыми - зерттеу жұмыстарының, | 5 | 5 | Педагогика | Балабақшадағы STEM |

| | | | | | | |
|---|--|--|---|---|---|--|
| | ұйымдастыру әдістемесі | академиялық жазудың негізгі қағидаларын сипаттай алуды; баяндама мен ғылыми мақаланың ерекшелігін анықтай алуды; нақты тұжырымдарды қолдана білуді; ғылыми -зерттеу жұмыстарында қолданылатын әдіс-тәсілдерді сыни талдай алуды; ғылыми мақаланың басқа ғылыми жұмыстардан өзгешелігін салыстыра білуді меңгереді. | | | Педагогикалық психология | технологиясы |
| 17 | Оқу тәжірибе (сәби шақ тобындағы) | Бұл тәжірибеден сәбилік шақ топтарындағы оқу практикасының мазмұнын, маңыздылығын түсіне білуге; тәрбиешілер мен балалардың жеке қасиеттерін ескере отырып, олармен қарым-қатынас жасау формаларын анықтауды; сәбилік шақ топтарындағы оқу іс-әрекетінің ерекшеліктерін ажырата алуды; жекелеген тәрбиеленушілерге психологиялық-педагогикалық зерттеу жүргізе білу дағдысын меңгереді. | 2 | 3 | Педагогикалық кәсіпке кіріспе | Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі |
| Базалық пәндер циклі Таңдау компоненті | | | | | | |
| 1 | Мектепке дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру әдістемесі | Бұл курстан балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру әдістемесі пәнінің теориялық негіздері жайлы мағлұмат алады. Сан, жиын, шама ұғымдарына талдау жасай алуға мүмкіндік береді. Балаларға геометриялық пішіндерді танып, ататуға үйретудің әдістемесін меңгереді. Уақытты бағдарлау, кеңістікте бағдарлау және өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету жолдарын жүзеге асырады. | 6 | 5 | Мектепке дейінгі педагогика Ойын технологиясы | Педагогикалық шеберлік Заманауи білім беру технологиялары |
| | Қызықты математика | Бұл курс білім алушыға балалардың логико-математикалық дамуын жетілдірудің теориялық және әдістемелік негіздерін меңгерту мақсатын көздейді. Балалардың бейнелі және логикалық ойлауын дамытуда қолданылатын әдістерді ажырата алуды; математикаға қызығушылықтарын дамытуға арналған тапсырмаларды саралай білуді; | | | Мектепке дейінгі педагогика Ойын технологиясы | Педагогикалық шеберлік Заманауи білім беру технологиялары |

| | | | | | | |
|---|---|--|---|---|---|---|
| | | оқытуда қолданылатын тәсілдер мен құралдарды сараптап пайдалануды меңгереді. | | | | |
| 2 | Мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-таным әрекетін ұйымдастыру | Оқу-таным әрекеті және мектепке дейінгі ұйымда ұйымдастыру мәселелері. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту. Балаларды оқыту ұстанымдары. Балабақшадағы дидактика. Балабақшадағы оқытудың психологиялық негіздері. Балабақшада оқытудың педагогикалық мәні. Ересек топ балаларының танымдық белсенділігін дамыту. | 5 | 8 | Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі Мектепке дейінгі педагогика | ҚА |
| | Мектепке дейінгі тәрбие жұмысын ұйымдастыру және басқару | Білім беру жүйесін басқарудың теориялық негіздері. Мектепке идеялық ұйымды басқарудың ғылыми негіздері. Басқару іс әрекетінің мазмұны. Мектепке дейінгі ұйымның нормативтік құқықтық іс құжаттары. Жобалау ұғымына ғылыми тұрғыда сипаттама беру. Жобалау іс-әрекетінің мақсаты, міндеттерімен таныстыру. Жобалау іс-әрекетіне даярлығын ұйымдастыру ерекшеліктері. | | | Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі Мектепке дейінгі педагогика | ҚА |
| 3 | Қоршаған ортамен таныстыру әдістемесі | Қоршаған ортамен таныстыру әдістемесі пәнінің мақсаты, міндеттерімен танысады. Пәнді оқытудың әдістері мен тәсілдерін тиімді қолдану жолдарын меңгереді. Қоршаған ортамен таныстыру әдістемесі пәнінің педагогикалық ғылымдар жүйесіндегі маңызын айқындайды. Табиғаттың адам өміріндегі орны мен мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстырудың тәрбиелік және білімділік міндеттерін маңызын меңгертуге бағытталған пән болып табылады. | 5 | 5 | Жаратылыстану негіздері Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері | Педагогикалық шеберлік Мектепке дейінгі білім берудегі цифрлық технологиялар |
| | Экологиялық тәрбие беру әдістемесі | Курста мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің теориялық және практикалық негіздерін меңгеріп, қоршаған ортаның экологиялық мәселелерін сыни тұрғыда талдай білуді меңгереді. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің мазмұнын, мақсатын, принциптерін негізінде экологиялық | | | Жаратылыстану негіздері Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері | Педагогикалық шеберлік Мектепке дейінгі білім берудегі цифрлық технологиялар |

| | | | | | | |
|---|-------------------------------------|--|---|---|---|---------------------|
| | | сана, мәдениет ұғымдарын сипаттау дағдыларына ие болады. | | | | |
| 4 | Сауат ашу әдістемесі | Бұл курс студенттерге сауат ашу пәнінің теориялық және әдістемелік негіздерін меңгерту мақсатын көздейді. Балалардың "сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыруда тиімді тәсілдерді пайдалануды; дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдап, жазу үдерістерін табысты меңгерудің ережелерімен танысады. Сызбаларды, жиектерді салуға үйретудің әдістемесін меңгереді. | 5 | 6 | Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі Қазақ (орыс) тілі | Өндірістік тәжірибе |
| | Қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі | Бұл пән студенттерге Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың белсенді сөздік қорын байытуды, тілдік нормаларды игертуді, мемлекеттік және орыс тілдеріне үйретудің тиімді тәсілдерін меңгертуге бағытталған. "Қатынас" білім беру саласы бойынша коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамытуға, балалардың түрлі іс-әрекетінде ауызекі сөйлеуін жетілдіруге, сөздік қорын байытуды табысты меңгерудің әдістемесін меңгереді. | | | Қазақ (орыс) тілі Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі | Өндірістік тәжірибе |
| 5 | Көркем әдебиетті оқыту әдістемесі | Бұл курстан студенттер балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстырудың әдістемесін меңгереді. Көркем шығармаларды мазмұндауда мазмұнның жүйелілігін сақтай білуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйретудің жолдары мен әдістерін тиімді қолдануға дағдыланады. Көркем әдебиет шығармалары бойынша сахналау дағдыларын қалыптастыруды және шығарма мазмұнын адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалауға үйретудің мүмкіндіктерін қарастырады. | 5 | 6 | Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі Мектепке дейінгі педагогика тарихы | Өндірістік тәжірибе |
| | Балалар әдебиеті | Бұл курста балалар әдебиетінің дамуы мен | | | Мектеп жасына | Өндірістік тәжірибе |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|--|----------------------------------|
| | | қалыптасу тарихынан мәлімет алады. Көрнекті авторлардың поэзиялық, прозалық сипаттағы туындыларына талдау жасауды меңгереді. Осы курс бойынша: ауыз әдебиеті үлгілері, ұлы ағартушы ақын-жазушылар шығармашылығы, демократ ақын-жазушылар, қазіргі кезеңдегі балалар шығармалары тақырыптары қарастырылады. Білім алушылар балалар әдебиеті пәнінің мазмұнына кәсіби рефлексия жасауға дағдыланады. | | | дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі Мектепке дейінгі педагогика тарихы | |
| 6 | Ерте жас педагогикасы | Білім алушы ерте жастағы балалар дамуының психофизиологиялық ерекшеліктерін сипаттай алуды; мектепке дейінгі ұйым және отбасы жағдайында ерте жастағы балаларды дамыту мен тәрбиелеудің заманауи бағыттарының маңызын анықтай алуды; психологиялық-педагогикалық диагностикалаудың түрлерін саралай білуді меңгереді. | 5 | 8 | Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру | ҚА |
| | Пренатальды педагогика | Бұл курстан пренатальды кезеңдегі баланы тәрбиелеу мен дамытудың ғылыми-теориялық негіздерін талдай білуді; пренатальды даму кезеңіндегі өзгерістерді сипаттауды; психикалық дамудың шарттары, бастаулары және қозғаушы күштері ұғымдарын саралай алуды; нәрестелік және бөбектік кезеңдегі баланың анатомиялық және физиологиялық даму ерекшеліктерін талдап, бағалай білуді меңгереді. | | | Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру | ҚА |
| 7 | Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық іс-әрекетін дамыту әдістемесі | "Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық іс-әрекетін дамыту әдістемесі" пәні бойынша білім алушылар, тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдылардың, зерттеу қызметін дамыту бойынша ұйымдастырылған жұмыс әдістерін меңгереді. Балалардың мүдделерін ескере отырып, шағын топтарда жүргізілетін жұмыс түрлерімен | 5 | 4 | Мектепке дейінгі педагогика | Балабақшадағы STEAM технологиясы |

| | | | | | | |
|---|---|--|---|---|-----------------------------|----------------------------------|
| | | танысады. Балаларды шығармашылық қабілеттерін дамытуға, қиялын қалыптастыруға, қоршаған әлемді бейнелі қабылдауға, өз идеяларын, ойларын, сезімдерін көркем жеткізе білуге үйретудің әдістері мен тәсілдерін игереді. | | | | |
| | Балаларды бейнелеу шығармашылығына үйрету әдістемесі | Бейнелеу қызметі бойынша оқыту міндеттері және бағдарламаны құру принциптері. Балаларды бейнелеу өнеріне баулудың әдіс-тәсілдерін үйретудің мақсаты, міндеттері. Сурет салуда, кескіндемеде, композицияда, бейнелеу әсерлі құралдарын пайдалану дағдыларымен біліктерін қалыптастыру. Көрнекі құралдар, дидактикалық материалдар жасау, олар сабақ өткізуге үйрету. | | | Мектепке дейінгі педагогика | Балабақшадағы STEAM технологиясы |
| 8 | Мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшаға бейімдеу әдістемесі | Бұл курс бойынша балалардың мектепке дейінгі ұйым жағдайына бейімделуінің педагогикалық-психологиялық шарттарын анықтайды. Мектеп жасына дейінгі балалар психикасының даму кағидаттарын талдап, жинақтай алуды; білім беру мен тәрбиелеудің инновациялық стратегияларын қолданып, балалардың жетістіктерін бағалай білуді; баланы балабақшаға үйретуде ата-аналармен ізгілік қарым-қатынас орната алу дағдыларын меңгереді. | 5 | 8 | Мектепке дейінгі педагогика | ҚА |
| | Баланы мектепке бейімдеу әдістемесі | Білім алушылар баланың мектепке психологиялық-педагогикалық тұрғыда бейімделуінің ғылыми-теориялық негіздерін игеріп, балалардың биологиялық, әлеуметтік бейімделуін жүзеге асыруда заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана білуге дағдыланады. Балаларды мектеп өмірі мен тәрбие жағдайына бейімдеуде олардың қызығушылықтарын, талаптары мен білім алудағы қиыншылықтарын ескере отырып жүзеге асырып, білім алушылар пәннің мазмұнына кәсіби рефлексия жасау дағдысын меңгереді. | | | Мектепке дейінгі педагогика | ҚА |
| 9 | Дене тәрбиесінің | Аталған курс бойынша мектепке дейінгі балаларды | 5 | 5 | Дене шынықтыру | Педагогикалық |

| | | | | | | |
|----|---|--|---|---|--|------------------------|
| | теориясы мен әдістемесі | тәрбиелеу мен оқытуда денсаулық сақтау технологияларын пайдалануға; мектепке дейінгі балаларға дене тәрбиесін берудің теориялық және әдістемелік жолдарын анықтауды; тәрбиеленушілерінің тұлғалық дамуын жүзеге асыру дағдыларын меңгереді. Мектепке дейінгі ұйымдарда дене тәрбиесін жоспарлау мен есепке алуды жобалап, дене тәрбиесі жұмыстарына әдістемелік басшылық жасауға дағдыланады. | | | | шеберлік |
| | Мектеп жасына дейінгі балаларды дене жаттығуларына үйрету әдістемесі | Мектеп жасына дейінгі балаларды дене жаттығуларына үйрету әдістемесі пәні, мақсаты, міндеттері. Дене тәрбиесі процесінде оқыту және даму негіздері. Туғаннан жеті жасқа дейінгі балалардың жас ерекшеліктері. Дене тәрбиесі құралдары. Гимнастика, ережелермен қозғалмалы ойындар және спорт, ойындар, жалпы дамыту жаттығулары. Мектепке дейін оқытуда дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлері. Дене жаттығуларының жіктелуі. | | | Дене шынықтыру | Педагогикалық шеберлік |
| 10 | Балабақшадағы STEAM технологиясы | Бұл курс болашақ педагог-тәрбиешілер робототехника, модельдеу және дизайн элементтері арқылы мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру практикасына STEM білім беруді енгізудің жолдарын меңгереді. Курстан қашықтағы технологияларды қолдана отырып, шағын жобаларды әзірлеуге дағдыланады. Пән студенттердің мектеп жасына дейінгі балалардың конструктивті қызметі мен техникалық шығармашылық дағдыларын дамытуға қажетті кәсіби дағдыларын қалыптастырады. | 6 | 8 | Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру әдістемесі Мектепке дейінгі білім берудегі цифрлық технологиялар | ҚА |
| | Мектеп жасына дейінгі балаларды эксперименттік жұмысқа баулу әдістемесі | Білім алушы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық және өнертапқыштыққа қабілеттерін дамытуға бағытталған заманауи технологиялардың түрлерімен танысып, роботты техника құрастыра білуге эксперименттік және | | | Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру әдістемесі Мектепке дейінгі | ҚА |

| | | | | | | |
|---|--|---|---|---|---|----|
| | | шығармашылық қызмет түрлерін іске асыруға машықтанады. Мәселеге сыни көзқарас таныта алуды; нақты шешімдер ұсынуды, өзара қарым-қатынас орната білуді, амал-тәсілдерді шығармашылықпен қолдануға дағдыланады. | | | білім берудегі цифрлық технологиялар | |
| | Кәсіптендіру пәндер циклі Таңдау бойынша компонент | | | | | |
| 1 | Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық-дамытушы органы ұйымдастыру әдістемесі | Бұл курстан балалардың психо-физиологиялық даму мүмкіндіктерін, заттық-дамытушы органы қалыптастырудың әдістемелік мәнін және ерекшелігін түсініп, теориялық білімдерін іске асыра алу тетіктерін меңгереді. Өр жас кезеңінің ерекшеліктеріне сай балалардың дамуы мен тәрбиесіне қажетті заманауи дидактикалық материалдарды, жабдықтар мен мүліктерді қолдана алу машығын меңгереді. Инклюзивтік білім беруге жағдайлар жасауды қамтамасыз етіп, атқарылған жұмысына талдау жасай білуге дағдыланады. | 5 | 8 | Мектепке дейінгі педагогика Мектепке дейінгі білім берудегі менеджмент | ҚА |
| | Мектепке дейінгі ерте жаста пәндік-дамытушы орта құру әдістемесі | Студенттер балалар денсаулығын қорғау мен нығайтудың мүмкіндіктерін, балалар дамуындағы жетіспеушіліктерді түзету жолдарын, білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды, әртүрлі топтарда заттық органы жобалаудың үлгісін, заттық органы жобалауды әдістемелік тұрғыда бағдарлау жолдарын меңгереді. Әлеуметтік маңызы бар мәселелерді тереңірек ұғынып, өз беттерінше найымдаулар жасай алу құзыреттіліктерінің қалыптасуына ықпалын тигізетін тиімді әдіс-тәсілдерді ұтымды қолдану дағдысын игереді. | | | Мектепке дейінгі педагогика Мектепке дейінгі білім берудегі менеджмент | ҚА |
| 2 | Балабақша мен отбасы арасындағы өзара әрекеттестіктің инновациялық формалары | Пән бойынша балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықтың инновациялық формаларын меңгереді; педагогикалық ұжымның отбасымен жұмыс істеу әдістерін, ата-аналар жиналысы, ата-аналар дәрісханасының ұйымдастырылуына қойылатын талаптармен танысады. Оқыту | 5 | 8 | Педагогика Мектепке дейінгі педагогика | ҚА |

| | | | | | | |
|---|--|--|---|---|---|---|
| | | семинарлары, балалармен бірлескен жиналыстар, жеке кеңес беру негіздерін үйренеді. Ата-аналарға арналған "Ашық есік" күндері мен балаларды түрлі конкурстарға, жобаларға қатысуға тартуды ұйымдастыра алу қабілеттерін меңгереді. | | | | |
| | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру | Бұл курстан студент педагогикалық мәдениет ұғымының маңызын, зерттелуі және отбасындағы қарым-қатынастың баланың жеке тұлғасына әсері жайлы мәлімет алады. Ата - аналарға педагогикалық, психологиялық білім берудің маңыздылығын ұғынады; ата-аналармен жүргізілетін жұмыстағы тәрбиешінің негізгі міндеттерімен танысады. Ата-ананың педагогикалық білім дәрежесінің жай-күйін анықтап, кеңес беріп, оларды бала тәрбиесіне ортақтастырудың тиімді тәсілдерін меңгереді. | | | Педагогика Мектепке дейінгі педагогика | ҚА |
| Кәсіптік пәндер циклі ЖОО компоненті | | | | | | |
| 1 | Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру | Мектеп жасына дейінгі балалардың дене және ақыл ой дамуының бұзылуына сипаттама беруді; инклюзивтік білім беру жөніндегі күзіндетті кадрларды дайындау мәселерін талдауды; дамуында ақаулары бар балаларды оқыту әдістерін меңгереді. Ерекше қажеттіліктері бар балалардың отбасыларымен жасалатын өзара жұмыс түрлерін жүзеге асырудың жолдарын меңгеріп, балалардың даму динамикасын талдауға машықтанады. | 5 | 5 | Педагогика Педагогикалық психология | Педагогикалық шеберлік |
| 2 | Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі | Бұл курста балалардың сөздерді және сөйлемдерді грамматикалық формада дұрыс байланыстыра алуын сипаттай алады; олардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда қолданылатын жаңашыл әдістерді саралай білуді; бала тілін дамытуда, ауызекі сөйлеуге үйрету әдістемесіне талдау жасауды; сондай-ақ, мәтіндермен жұмыс жасауда тиімді әдістерді қолдана білуді; сөйлемнің құрылымына | 6 | 5 | Мектепке дейінгі педагогика | Сауат ашу әдістемесі Көркем әдебиетті оқыту әдістемесі |

| | | | | | | |
|---|---|--|---|---|--|---|
| | | сыни талдау жүргізуді меңгереді. | | | | |
| 3 | Заманауи білім беру технологиялары | Білім алушы оқыту мен оқудағы жана технологияларды сипаттай алуды; тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқуды сыни талдай білуді; оқыту мен оқудағы сандық ресурстарды қолдана білуді; бағалаудың негізгі мақсаттары мен өлшемдерін анықтай алуды; жоспарлау жүйесінің мазмұнын саралай білуді; өзара іс-әрекеттегі жұмыс түрлерін бағалай алуды меңгереді. | 5 | 6 | Педагогика Ақпараттық коммуникациялық технологиялар | Балабақшадағы STEM технологиясы |
| 4 | Педагогикалық шеберлік | Бұл курс студенттердің ішкі өзгерістерін сезіну және бекіту тетіктерін, шығармашылық, педагогикалық іс-әрекетке ұмтылуды ұсынады. Пәнді меңгеру нәтижесінде студенттер педагогикалық шеберліктің құрамдас бөліктерін сипаттай алады, педагогикалық техниканы көңіл-күйін, эмоциясын, сөйлеу техникасын, дауыс ырғағын студенттерді тәрбиелеу мен тәрбиелеу саласындағы өзіндік мінез-құлқын талдауды, кәсіби сапасын бағалау меңгереді. | 5 | 6 | Педагогика | Мектепке жасына дейінгі балаларды балабақшаға бейімдеу әдістемесі |
| 5 | Мектепке дейінгі білім берудегі цифрлық технологиялар | Заманауи цифрлық технологиялар және оларды мектепке дейінгі білім беруде қолданудың жолдарын меңгереді. Мультимедиялық технологиялар, білім берудегі 3D-технологиялар мен сандық білім беру ресурстарының жіктелуіне сипаттай алады; сапалы цифрлық білім беру ресурстарын әзірледі, мектепке дейінгі білім беру процесінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану мен оқыту нәтижелерін және ғылыми-зерттеу жұмыстарын цифрландыруға дағдыланады. | 5 | 6 | Педагогика Ақпараттық коммуникациялық технологиялар | Өндірістік тәжірибе |
